

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЯДРОЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРАМЫНДА ИНСТИТУТТАР ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 29 қазан N 1082. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.06.15. N 759 қаулысымен. ~P990759

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясымен, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен, Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісілген Орталық құрамында мынадай институттарды:

Семей облысының Курчатов қаласында "Луч" ҒӨБ-нің Бірлескен экспедициясының, "Байкал" кәсіпорнының, Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы Ядролық физика институтының тиісті лабораториялары мен бөлімдері негізінде Атом энергиясы институтын;

Көкшетау облысының Бурабай поселкесінде "Боровое" геофизикалық обсерваториясы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы N 35 геофизикалық партиясының негізінде Геофизикалық зерттеу институтын;

Семей облысының Курчатов қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының радиоэкологиялық бөлімшелері негізінде ұйымдастырылған институт құрамына кейіннен N 52605 әскери бөлімінің ғылыми секторын қоса отырып, Радиациялық қауіпсіздік және экология институтын ұйымдастыру туралы ұсынысы қабылдансын.

Аталған институттарды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығына 1993 жылға белгіленген қаржы және материалдық-техникалық ресурстар, штат саны мен басқа да нормативтер шегінде жүргізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының Қазақстан

Республикасының Ұлттық ғылым академиясымен, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен келісілген құрылған институттардың ғылыми қызметтерінің мынадай негізгі бағыттарын белгілеу туралы ұсынысына келісім берілсін:

- Атом энергиясы институты бойынша:

Қазақстан Республикасында атом энергиясын дамытудың
тұжырымдамалары мен бағдарламалары;
атом энергиясының қауіпсіздігі;
ғарыштық ядролық-энергетикалық қондырғылар;
қатты дененің радиациялық физикасы мен реакторлық материалтану;
- Геофизикалық зерттеулер институты бойынша:
ядролық қаруларды сынауға бақылау;
бұрынғы ядролық полигондардың геологиялық құрылымын зерделеу
мен мониторингтеудің геофизикалық әдістері;
атом жылу электр станциялар құрылысына, радиоактивті қалдықтарды
сақтау мен көму орындарына алаңдар белгілеу;
жер сілкінісін тіркеу және болжау;
- Радиациялық қауіпсіздік және экология институты бойынша:
радиациялық әсердің медициналық-биологиялық аспектілері;
ядролық сынақтарды өткізу мен радиациялық қауіпті объектілердің
орналасқан жерлері аймақтарының радиоэкологиясы мен радиациялық
мониторингі;
ядролық сынақ нәтижесінде пайда болған жерасты қуыстарының
жай-күйі мен оны консервациялау;
радиациялық ластанған жерлерді қайта өңдеу;
радиоактивтік қалдықтарды жинау, тасымалдау, сақтау, көму және
қайта өңдеу жүйесі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі